

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ
Жетісу ауданының
тұрғындарымен кездеседі.
Жүздесу 24 ақпанда, сағат
9.00-де «Айнабұлақ»
шағынауданы, 65/1
мекенжайындағы
«Айнабұлақ» дене
шынықтыру-сауықтыру
кешенінде өтеді.
Кездесуді онлайн-режимде
«Алматы» телеарнасының
YouTube парақшасынан
және Жетісу әкімдігінің
Facebook парақшасынан
көруге болады.

ҰЛТТЫҚ МҰРАҒАТ



«ТАРИХИ ҚҰЖАТ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ»

3

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ жаңа серпін алды

5

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

21.02.2023

Түнде:



0, -2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз, тұман.

Күндіз:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

22.02.2023

Түнде:



0, -2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Тұман.

Күндіз:



+9+11 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

Алматы AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №26 (6319) 21 ақпан, сейсенбі, 2023 жыл.

[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[www.youtube.com/channel/
UCx3M2xr1Chx6Br1JgqyqeA](https://www.youtube.com/channel/UCx3M2xr1Chx6Br1JgqyqeA)

[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[vk.com/
aqshamy.official](https://vk.com/aqshamy.official)

[twitter.com/
aqshamy_kz](https://twitter.com/aqshamy_kz)



САЙТҚА
ӨТУ ҮШІН
QR-кодты
СКАНЕРЛЕУ
КЕРЕК

ПРЕЗИДЕНТ

АТА ЗАҢ МӘРТЕБЕСІ

оның сақталуына бақылауды күшейту маңызды



Мемлекет басшысы
Конституциялық
Сот төрағасы
Эльвира Азимованы
қабылдады.

Кездесу барысында Президентке Конституция-
лық Сот өз жұмысын бастағаны, өкілеттігін жүзеге
асыруға кіріскені, сондай-ақ биылғы 1 қаңтардан
бері азаматтардан келіп түскен өтініштер жөнінде
мәлімет берілді.

Эльвира Азимова конституциялық іс жүргізуге
қабылданған өтініштер мен конституциялық бақы-
лау аясында жоспарланған шаралар туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев конституциялық іс
жүргізудің барлық сатысының ашықтығын және
Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі туралы аза-
маттардың хабардар болуын қамтамасыз етудің,
сондай-ақ Ата Заңның сақталуына бақылауды кү-
шейтудің маңызды екенін атап өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАРТТАР – ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ

ҚАРИЯЛАРҒА – ҚҰРМЕТ, ЖАСТАРҒА – МІНДЕТ!

Алматының Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарындағы
бағдарлар түрлі бағыттарды қамтиды



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Біздің мемлекетімізде аға буынды әлеуметтік тұрғыдан қолдау,
жасы келген кісілердің өмір сүру сапасын арттыру жетекші бағыт-
тардың бірі болып саналады. Алматы еліміздегі ең ірі қалалардың
бірі және тұрғындарының 11%-дан астамы зейнеткерлер болған-
дықтан, алғаш рет 2018 жылы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы»
күрылып, бүгінде барлық ауданда жұмыс жасап жатыр.

6-7

ҚЫСҚА...

- Сенатта 23 ақпанда өтетін отырыстың күн тәртібі бекітілді.
- Мемлекеттік кеңесші Германия Парламентінің депутаттарымен кездесті.
- Ерлан Қарин Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның кезекті отырысын өткізді.
- Үкіметте инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті.
- Қазақстандағы сайлау барысын 82 байқаушы бақылайды.
- Қазақстан алтын экспортынан рекордтық табыс тапты.
- Қазақстаннан 42 мектеп TALIS-2024 халықаралық зерттеуінің апробациясына қатысады.
- Егіс жұмыстарына дизель отынын бөлудің жаңа тетігі іске қосылады.
- Талапкерлер 4230 теңге төлеп, наурыздағы ҰБТ-ға қатыса алады.
- Британияның Condé Nast Traveller халықаралық басылымы қазақ туризмін жоғары бағалады.
- Экологтар қағаз чектен бас тартуды ұсынды.
- Қазақы ит тұқымдарының ортақ стандарты бекітіледі.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы «Кедендік әкелу баждарының (балама қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібін сақтау мәселелері бойынша бірлескен бақылау іс-шараларын өткізу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

■ ПАРЛАМЕНТ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Онда 2023 жылғы 23 ақпанда өтетін Сенат отырысының күн тәртібі бекітілді.

Алдағы Палата отырысында депутаттар бұған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдарды және Үкіметтен Сенатқа келіп түскен бір заң жобасын қарайды.

Күн тәртібіне шығарылған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне түрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң түрғын үй қатынастары және түрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларына қатысты қолданыстағы заңнаманы жетілдіруді көздейді. «Әскери полиция органдары туралы» заң осы ведомствоның қызметін ілгерілетуге арналған. Құжат нормалары әскери полиция органдарындағы әскери қызметшілердің дене күшін, арнайы құралдарды және қаруды қолдану ережелерін, сондай-ақ, олардың кадр құрамы мен әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін реттейді.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайылов ірі шетелдік компаниялардың, дипломатиялық корпус пен орталық мемлекеттік органдардың және «Атамекен» ҰКП өкілдерінің қатысуымен Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің кезекті отырысын өткізді.

Өткен жылдың 9 айында республикаға тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 17,8%-ға өсіп, \$22,1 млрд-ты құрады. Жиынға қатысушылар бизнес үшін әкімшілік кедергілерді жою, салық салуды жетілдіру, жаңа технологияларды дамыту, жаһандық экономикалық трендтердің Қазақстан экономикасына әсері және т.б. мәселелерді талқылады.

Шара қорытындысы бойынша Премьер-Министр Үкіметтің өзара тиімді ынтымақтастықты арттыруға бағытталған пікірталастарға, ұсынымдарға және жаңа жобаларға ашық екенін атап өтті. «Біз Қазақстанның инвестициялық климатын жақсартуға белсенді түрде қатысып жатқан шетелдік әріптестер мен дипломатиялық корпусың жұмысын жоғары бағалаймыз. Өз тарапымыздан келешегі бар жобаларға қажетті қолдау көрсетуге дайынбыз», – деп түйіндеді Әлихан Смайылов.

■ МЕМЛЕКЕТТІК КЕҢЕСШІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің төрағалығымен Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның кезекті отырысы өтті.

2023 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша барлығы 555 стипендия, оның ішінде магистратураға 395, резидентура және докторантураға 50, тағылымдамадан өтуге 110 стипендия бөлінді. Отырыста шетелде тағылымдамадан өту үшін «Болашақ» стипендиясын тағайындау мәселесі де қаралды. Комиссия шешіміне сәйкес 25 азаматқа стипендия берілді. Айта кету керек, «Болашақ» бағдарламасының стипендиясын алуға құжат тапсыру биылғы жылдың қыркүйек айына дейін жалғасады.

■ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

Мемлекеттік қызметтер смартфондарда қолжетімді. Қазақстандықтар мобильді қосымша арқылы заңгерлік кеңес ала алады. Әділет министрлігі азаматтарға қолайлы болуы үшін әзірленген және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған Digital Justice цифрландырудың 7 жобасын іске асыруда.

Мұндай жобалардың бірі – «Е-заң көмек». Жоба адвокаттардың, заң кеңесшілерінің қызметін, олардың процеске қатысушылармен және басқа да мүдделі тараптармен онлайн – өзара іс-қимылын автоматтандыруға бағытталған. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте ҚР Әділет вице-министрі Бекболат Молдабеков хабарлады. «Біз азаматтар мен адвокаттарға көмектесетін ақпараттық жүйе әзірледік. Бұл көмек көрсетілуі тиіс адамдарға қандай адвокат қандай көмек көрсеткенін тіркейтін жүйе. Сондай-ақ, қазір заң кеңесшілері деген ұғым бар. Бірінші тоқсанда бұл жүйені осы жүйе, мобильді қосымша арқылы кеңес алуға болатындай етіп жетілдіреміз. Біз авторизация мен қол қоюдың Face ID арқылы болғанын қалаймыз, сондықтан қолдан жасау деген болмайды», – деді спикер.

Сондай-ақ, азаматтар 1414 байланыс орталығы арқылы заңгерлік кеңес ала алады. Қазіргі уақытта 53 мемлекеттік қызметтің egovMobile мобильді қосымшасында 28 мемлекеттік қызмет, 13 сервис және 5 цифрлық құжат қолжетімді. «Мұнымен тоқтап қалмай, Әділет министрлігі мемлекеттік қызметтерді мобильді қосымшаларға көшіру бойынша жұмыстарды белсенді жүргізіп жатыр. Бүгінде бірқатар қызметтер банктердің мобильді қосымшаларында қолжетімді. Атап айтқанда, Halyk Homebank арқылы некені тіркеу; Bereke Bank «B-Business» мобильді қосымшасы арқылы ЖШС тіркеу; Kaspi.kz және Halyk Homebank арқылы баланың туу туралы куәлігін алу; Halyk Homebank арқылы заңды тұлғалар және жылжымайтын мүлік туралы мәліметтер алу және т.б. Осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады», – деді спикер.

■ БІЛІМ

Қазақстаннан 42 мектеп TALIS-2024 халықаралық зерттеуінің апробациясына қатысады. Зерттеу мұғалімдердің еңбек жағдайларын және мектептердегі білім беру ортасын бағалайды, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Министрліктің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің хабарлауынша, 2023 жылдың ақпан-наурыз айларында TALIS-2024 сабақ беру және оқытудың зерттеу жұмысы өтеді. Оған Қазақстанның республикалық маңызы бар 3 қаласы мен 5 шағын өңірінен 800 мұғалім, 42 мектеп директоры қатысады. «Бұл мұғалімдердің еңбек жағдайы мен мектептердегі білім беру ортасын бағалайтын жалғыз ауқымды халықаралық зерттеу. Ондағы жинақталған мәліметтер педагог кадрларды даярлау, біліктілігін арттыру, мұғалімдерді ынталандыру. Сонымен қатар, оқу бағдарламаларын әзірлеуде пайдаланылатын болады», – деді Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің басқарма басшысы Динара Әбілқанова.

САЙЛАУ – 2023

ҮМІТКЕРЛЕРДІ ТІРКЕУ

конституциялық нормаларға сәйкес жүргізілді

Нұрлан Әбдіровтің төрағалығымен кандидаттарды тіркеу қорытындылары, кандидаттардың шығыстар мөлшерін белгілеу және шетелдік байқаушыларды аккредиттеу мәселелері бойынша Орталық сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды бірмандаттық округтер бойынша тіркеу қорытындылары туралы Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының орынбасары Константин Петров баяндама жасады. Ол 29 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат бойынша 609 кандидат ұсынылғанын хабарлады: 7 саяси партиядан 79 кандидат, төрт қоғамдық бірлестіктен 5 кандидат, 525 немесе 86,21% – өзін-өзі ұсынушылар. 29 сайлау округі бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындылары келесідей: 435 кандидат тіркелді (бір мандатқа 15 адам). Ең жоғары бәсекелестік Астана қаласында бір мандатқа 41 және 42 кандидат, сондай-ақ Алматы қаласында 37, 33, 34 кандидаттар. Ең азы – Түркістан облысының №25 округінде 5 кандидат. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен 359 кандидат (82,53%), саяси партиялардан 76 кандидат (17,47%). Тіркелген кандидаттардың 350 немесе 80,46%-ы ерлер, 85 немесе 19,54%-ы әйелдер. Орташа жасы – 49, 34 жас. Кандидаттар арасында 10 этностың өкілдері бар.

Мәслихаттар депутаттарын сайлау жөніндегі аумақтық сайлау комиссияларының мәліметтеріне сәйкес, бір мандатқа 10 288 кандидат немесе 3-тен астам адам тіркелді: облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың 334 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша мәслихаттарға 1451 кандидат тіркелді, қалалық мәслихаттар депутаттарын сайлау бойынша 2114 кандидат, аудандық мәслихаттарға 6723 кандидат тіркелді. 6359 кандидат немесе 61,81% өзін-өзі ұсыну тәртібімен, 3929 кандидат немесе 38,19% әртүрлі саяси партиялар мен басқа да қоғамдық бірлестіктер. Тіркелген кандидаттардың 7494-і немесе 72,84%-ы ер адамдар, 2794-і немесе 27,16%-ы әйелдер.

Орташа жасы – 42, 64 жас. Кандидаттар арасында 39 этностың өкілдері бар.

ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров кандидаттарды тіркеу рәсімдері конституциялық нормаларға сәйкес жариялылық және ашықтық қағидаттарында жүргізілгенін атап өтті. Сайлау комиссиялары азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыру үшін қажетті шаралар қабылдады. Спикер күн тәртібіндегі екінші мәселе ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттығына кандидаттың сайлау алдындағы үгітті жүргізуге жұмсайтын шығыстарының мөлшерін белгілеумен байланысты екенін айтты. Осы мәселе бойынша Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина баяндама жасады. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман сөз сөйледі. Ол халықаралық байқау институты ашылғаннан бері 10 шет мемлекет пен 3 халықаралық ұйымнан 82 байқаушы аккредиттелгенін хабарлады.

Сайлау туралы Заңның 37-бабына сәйкес саяси партияларға дауыс беруге арналған сайлау бюллетеніне жеребемен айқындалған тәртіппен саяси партиялардың атаулары және «Бәріне қарсымын» деген жол енгізіледі. Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 13 шілдедегі №15/214 қаулысымен сайлау бюллетеніне саяси партиялар атауларын енгізу туралы жеребе өткізудің ережесі бекітілді. Жеребе өткізу ережелеріне сәйкес, мөлшерлері мен түстері бірдей конверттерге тіркелген партиялардың санымен тең реттік нөмірлер жазылған парақтар салынады. Бір конвертте нөмір жазылған бір ғана парақ болады. Конверттер мөрленіп, барлық қатысушылардың көз алдында үстел үстіне орналас-тырылады. Әр саяси партияның өкілі кезекпен бір конвертті алып, оны ашады, парақта жазылған нөмірді көрсетеді. Конверт ішіндегі



нөмір – саяси партияның сайлау бюллетеніне енгізілетін нөмірі болып табылады. Жеребені өткізудің нәтижесі хаттамаға енгізіліп, оған қатысып отырған Орталық сайлау комиссиясының мүшелері қолдарын қояды. Жеребе қорытындысы бойынша орындар келесідей бөлінді: 1. «Аманат» партиясы; 2. «Ауыл» партиясы; 3. «Respublica» партиясы; 4. Қазақстан Халық партиясы; 5. «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы; 6. «Ақ жол» партиясы; 7. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия.

Осылайша партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлауда саяси партиялардың атауларын сайлау бюллетеніне енгізу тәртібі айқындалды. Бұл тәртіп пропорционалдық жүйе бойынша сайланатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының депутаттарын сайлауда пайдаланылатын болады.

Ағымдағы сайлау науқанында үгіт 18 ақпанда сағат 18.00-ден басталып, 18 наурызда сағат 00.00-де аяқталады. БАҚ үшін тағы бір жаңалық бар – енді дауыс беру күні сайлау учаскесінде қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде әрбір бұқаралық ақпарат құралынан бір-бір өкілден, әрбір телеарнадан үшеуден аспайтын өкіл қатыса алады.

Кандидаттар, саяси партиялар барлық үгіт материалдарын өз сайлау қорларының қаражатынан төлейді. Заң бұл мақсатқа басқа көздерден өзге ақша тартуға тыйым салады. Сондай-ақ, сайлау қорынан төленбеген кез келген тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді қабылдауға тыйым салынады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

БАҚЫЛАУШЫ БОЛУҒА ШАҚЫРАДЫ

Алматыда «Қоғамдық пікір» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен баспасөз конференциясы өтті. Онда ұйым мүшелері ел азаматтарын сайлауда белсенділік танытып, бақылаушы болуға шақырды.



Досбол
АТАЖАН



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

«19 наурыз күні Мәжіліс және мәслихат депутаттарын сайлау өтеді. Бұл біздің еліміз үшін үлкен саяси науқан. Онда арнайы аккредитациядан өткен, 18 жасқа толған Қазақстан азаматтары бақылаушы бола алады. Осыған орай, «Қоғамдық пікір» қоғамдық қоры өз жұмысын бастайды. Біз қоғамға өз үлесін қосқысы келетін азаматтарымызды біздің ұйымның дайындығынан өтіп, бақылаушы болуға шақырамыз.

Біздің басты міндетіміз – сайлаудың әділ өтуі. Сондықтан бақы-

лаушылар дауыс беріп жатқан бюллетеньдердің санына, сапасына дұрыстап қарағаны жөн деп ойлаймын», – деді «Қоғамдық пікір» ұйымының мүшесі, PhD маманы Әшірәлі Сманов.

«Қоғамдық пікір» қоғамдық қорының тағы бір мүшесі әрі жас ұстаз Диана Маласева бақылаушыларды арнайы дайындау арқылы жастар арасында саяси-құқықтық мәдениет қалыптастыруды мақсат ететіндерін айтты.

«Біздің ұйым өткен сайлауда

бақылаушыларды дайындап, біраз тәжірибе алды. Бұл тәжірибені алдағы сайлауда да тиімді пайдалануға ниеттіміз. Біздің ұйымға жүгінген бақылаушы болуға ниетті адамдарды барлық қажетті ереже-талаптармен таныстырамыз. Негізгі мақсатымыз – жастар арасында құқықтық мәдениет қалыптастыру. Олар өздерінің міндеттерін, заңды құқықтарын білуі қажет. Алдағы сайлауда бақылаушы болу – жастарға таптырмас саяси тәжірибе», – деді ол.



ҚОҒАМДЫҚ ҚОР

АЛМАТЫЛЫҚ ЖАСТАР БЕЛСЕНДІ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Ел ертеңі» қоғамдық қоры алматылықтарды тәуелсіз бақылаушы болуға шақырады.



Досбол
АТАЖАН

Алматыда «Ел ертеңі» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен баспасөз конференциясы өтті. Онда ұйым мүшелері ел азаматтарын, әсіресе, жастарды өздерінің

белсенділіктерін көрсетіп, алдағы Мәжіліс сайлауында бақылаушы болуға шақырды.

– Алдағы сайлауда бақылаушы болуға өз ұйымымызға адамдарды жинайын деп жатырмыз. 18 жастан асқан кез келген Қазақстан азаматы біздің ұйымға келіп, бақылаушы ретінде қосыла алады. Біздің мақсатымыз – алдағы сайлаудың әділ өтуін қамтамасыз ету. Өткен Президент сайлауында өзім де бақылаушы болып қатыстым. Енді осы сайлауға біздің ұйымның атынан алғаш рет барайын деп отырған жас бақылаушыларға өз тәжірибемді бөлісемін, – деді «Ел ертеңі» ұйымының мүшесі, жас мұғалім Сұлтан Айтбаев.

Қоғамдық қордың спикерлерінің бірі Байзақ Мақсат сайлау барысында бақылаушылар тарапынан туындайтын түсініспеушілік пен бөлестіктің алдын алғылары келетінін айтты.

– «Ел ертеңі» ұйымы бұған дейін де сайлауларға атсалысқан болатын. Енді еліміздің жас азаматы, белсенді ретінде алдағы Мәжіліс пен мәслихат сайлауында да өз үлесімізді қосқымыз келіп отыр. Сайлау учаскелерінде білместіктен әртүрлі мәселелер туындап жатады. Біз осындай жағдайлардың алдын алғымыз келеді. Біздің ұйымға жүтінген жастарды алдағы уақытта арнайы оқытамыз. Сайлаудың өзінің ережелері бар. Біз сол ережелерді және барлық талап-міндеттерді таныстырып, құқықбұзушылықтың алдын алуға жұмыс істейтін боламыз. Сонымен қатар, ұйымға қосылған әр азаматқа куәландыратын куәлік береміз, – деді «Ел ертеңі» ұйымының белсендісі, PhD маман Байзақ Мақсат.

Ал ұйым белсендісі Дидар Құрман алдағы сайлауда Алматының барлық сайлау учаскелерін бақылаушылармен қамтуды жоспарлап отырғанын хабарлады.

– Біздің ұйым Президент сайлауы кезінде Алматының 8 ауданы бойынша барлық сайлау учаскелерін қамтыды. Бұл жолы да қаламыздың 500-ден астам ашық сайлау учаскелеріне кемі бір бақылаушыдан жіберуді жоспарлап отырмыз. Біз ұйымға қабылдауды әлі бастамасақ та, өткен сайлауда қатысып, осы жолы да бақылаушы боламын деп жатқан жастар көп, – дейді ұйым белсендісі Дидар Құрман.

ҰЛТТЫҚ МҰРАҒАТ

«ТАРИХИ ҚҰЖАТ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ»

ҚР Президенті архивінде миллионнан астам файл қоры сақталған

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25 жылдығына арналған брифинг өтті. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің басшылығы «Тарихи құжат – ұрпаққа аманат» архивтік марафоны жобасы туралы айтып берді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының директоры Әлия Мұстафина Қазақстанның XX ғасырдағы және мемлекетіміздің Тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық-саяси тарихын сақтап отырғандарын айтты. 2023 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша сақталған ақпараттың жалпы көлемі 1,131 миллион мұрағаттық файлды құрады. Бұл – отандық мұрағаттар үшін айтарлықтай сенімді көрсеткіш.

Мұрағаттың негізгі міндеті – Қазақстан Республикасы Президентінің, оның аппаратының және Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік

органдардың қызметін мұрағаттық қамтамасыз ету.

«Быттыр жұмысымызда түбегейлі өзгерістер болды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес жаңа Ереже бекітілді. Ұйымдық нысаны мен құрылымы өзгертіліп, жаңа функциялар мен міндеттер бекітілді. Мұрағатты 2035 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы әзірленді. Онда Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын жинақтау, есепке алу, сақтау және пайдалану жөніндегі мекеменің қызметін жаңғырту, мұрағат ісін цифрлық түрлендіру, мұрағат ісі мен құжат жүргізу саласында ғылыми, әдістемелік және үйлестіру орталығы ретінде қалыптасу бағыттары нақтыланған», – деді Әлия Мұстафина.

Өткен жылы мұрағатта 3 жаңа орталық: қолданбалы және ғылыми жобалар орталығы, оқу-әдістемелік орталық және XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерттеу орталығы ұйымдастырылды. Мұрағат Ғылым және жоғары білім министрлігінен аккредитациядан өтіп, ғылыми қызмет нысанына айналды. Президент мұрағаты бұқаралық ақпарат құралы ретінде тіркелген «Жаңа мұрағат» кәсіби журналын шығаруды бастады. Журнал мұрағатшыларға, құжаттанушыларға және іс жүргізушілерге арналған кәсіби басылым болмақ.

«Мұрағатта XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерттеу орталығының ашылуымен ел аумағында құжаттарды сақ-

тауға арналған мамандандырылған қойма пайда болды. Нәтижесі де таңқалдырарлық: 260 мыңнан астам мұрағаттық істің құжаттары қабылданды, қабылдау әлі де жалғасуда. Мұрағат осы тақырып бойынша әлеуметтік-құқықтық сұраныстарды орындауға кірісті, «Аманат» тұлғалар туралы мәліметтер базасы әзірленуде», – деп жалғастырды директордың орынбасары Қайрат Әлімғазиев.

Биыл отандық мұрағатшылар 1998 жылы 22 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңының 25 жылдығын атап өтуде. Заңның қабылдануы – қазақ мұрағат саласының дамуындағы тарихи кезең. Дәл осы сәттен бастап нормативтік базаны қалыптастыру басталды. 25 жыл ішінде мұрағаттық құжаттарды сақтау және пайдалану ережелері қабылданды, құжаттарды сақтау мерзімдері мен жою тәртібі белгіленді, мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттардың жұмысында бірыңғай қағидаттар мен талаптар белгіленді. Заң қабылданғаннан бері оған 40-тан астам өзгеріс пен толықтыру енгізілді.

Сала дамуының негізгі үрдісі – жаңа IT технологияларды енгізу және бұған алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибе дәлел болып отыр. Бұл бір жағынан мұрағаттар жұмысын ұйымдастыруға және сапалы қызметке мүмкіндік берсе, екінші жағынан заманауи талаптарға жауап беретін әдістеме мен шешімдерді әзірлеуде мүлде жаңа міндеттер қояды.

ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

«СЕРГЕКТІҢ» САНЫ АРТАДЫ

Алматыда биыл тағы 3 мыңға жуық бейнекамера орнатылады

Бүгінде қала көшелерінің әр қиылысында орналасқан «Сергек» камераларының жалпы саны 5 мыңнан асады. Мегаполисте биыл тағы 3 мыңға жуық «Сергек» камерасы орнатылады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мамандардың айтуынша, әзірге соның 400-і ғана жұмыс істеп тұр. Ал қалғаны әлі іске қосыла қойған жоқ. Бәлкім, соны меңзеді ме екен, көлік жүргізушілері арасында «қала көшелеріндегі камералар істемейді» деген сыбыс тарапты. Ал жауапты компания өкілдері бұл сөздерді жоққа шығарып, барлық камералардың қалыпты режимде жұмыс істеп тұрғанын айтады.

«Көркем Телеком» «Сергек-Алматы» компаниясы техникалық директорының орынбасары Кеңесхан Мерекеновтың ай-

туынша, қалада әлі де іске қосылмаған камералар бар. «Көлік жүргізушілер арасындағы «Сергек» істемейді» деген сыбыс содан шыққан болуы керек. Демек, көшенің бойында тұрып, ол іске қосылмаған камера астынан өтеді, келесі күні айыппұл келмейді. Сол себепті, осындай ойға келуі мүмкін. Ал жалпы қала бойынша іске қосылған барлық 5034 камера қалыпты істеп тұр», – дейді ол.

Ішкі істер министрлігі мәлімдегендей, жолды бақылауға арналған қосымша құралдар Алматыда осы жылдың екінші тоқсанында қосылуы тиіс. Айта кетсек, «Сергек» камералары енді полиция көлігіне де орнатылды. Жұмыс пилоттық режимде жүргізіліп жатыр. Әзірге 8 машина қала ішін

аралап, заңсыздықты қозғалыс барысында анықтайды.

Полиция департаменті баспасөз қызметінің өкілі Еркін Өтегенов өткен жылы 3826 жол оқиғасы тіркеліп, салдарынан 4 мыңнан астам адам жарақат алған. 90 адам қаза тапқан. Құзырлы орган мәліметінше, былтыр Алматыда жол ережесін бұзу дерегі бойынша 1 миллионнан аса хаттама толтырылған. Тәртіп сақтамаған жүргізушілердің көбі камера арқылы анықталған екен. Осындай оқиқықтарды ескерген болуы керек, құзырлы орын мамандары қалада жолды бақылау құралдарының санын арттыруды көздеп отыр.

Айта кетейік, «Сергек» құрылғылары жылдамдық режимінен асып кету, бағдаршамның тыйым салу сигналына өту, жол белгілерін сақтамау (тоқтау сызығын басы, қиылыстың алдында дұрыс орын ауыстырмау, тыйым салынған жерде тоқтау жән тұрақтау) секілді жол ережелерінің бұзылуларын тіркейді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматының индустриялық аймағы аумағында салынатын жаңа логистикалық орталықтың құрылысына

100 млн доллар инвестиция салу жоспарланып отыр



Мегаполисте жалпы саны

360 000

адам зейнетақы мен жәрдемақы алады



Алматыда

4000

үкіметтік емес ұйым жұмыс істейді



Шаһарда 2025 жылға дейін

65 000

жұмыс орны құрылады



Өткен жылы Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

3169

мемлекеттік қызмет көрсетті



Қала көшелерінің әр қиылысында тұрған «Сергек» камерасының жалпы саны

5000-нан асады



● ТҮРКСІБ АУДАНЫ

ТҮРҒЫНДАР ӨТІНІШІ
ТЫҢДАЛДЫ

Түрксіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров аудан тұрғындарымен жоспарлы кездесуін өткізді. Онда әкімшілік қызметкерлері тұрғындарға абақтандыру, коммуналдық инфрақұрылым, кәсіпкерлік қызмет және т.б. түрлі мәселелер бойынша кеңестер берді. Бірқатар өтініштер бойынша сараптама жасау үшін жұмыс барысы бекітілді.



Кездесу барысында қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында Түрксіб ауданында өткен жылы қалалық цифрландыру басқармасымен бірлесіп, 172 мекенжайға (саябақтар, скверлер, жолайықтары, әлеуметтік нысандар және т.б.) 322 камера орнатылғаны және бүгінде ауданда 408 камера жұмыс істейтіні айтылды.

«Камералар түрлі қылмыс түрлерін ашуға жүйелі түрде ықпал етеді. Жақында Ақынов көшесіндегі №44 үйдің жанында еркін кіру арқылы көліктен аккумуляторды ұрлап кеткен. Бейнебақылау камералары арқылы күдіктінің жеке басы тез арада анықталды. Қазіргі уақытта Полиция департаментімен бірлесіп, СВМ камераларын орнату үшін мекенжайлар тізімі құрастырылып жатыр», – деп хабарлады аудан әкімшілігі.

Сонымен қатар, Алматы қалалық мобильділік басқармасымен бірлесіп, Шемякин көшесі бойындағы колледжге қарамақарсы жаяу жүргіншілер өткелін және камераларды орнату мәселесі қарастырылатын болады. Оған қоса, аудан әкімдігі тозығы жеткен тұрғын үйлерді жаңарту бағдарламасы бойынша тұрғындарды көшіру кезеңдерін нақтылау үшін құрылыс салушымен «Алтай-2» ықшамауданының тұрғындарымен кездесуді жоспарлады.

Жалпы, аудан тұрғындарымен кездесу кезінде құқықтық тәртіпті және мемлекеттік қызметтердің жұмысын қамтамасыз ету бойынша тапсырмалар берілді және санитарлық кесуді қажет ететін жасыл алқаптардың мекенжайлары жазылып алынды. Мердігер ұйымды тандау бойынша теңдер өткізіліп жатқандықтан, жұмыстар өз маусымында жүргізілетін болады.

● ДИЗАЙНЕР ӘЛЕМІ

Алматыда Kazakhstan Fashion Week-тің негізін қалаушы және арт-директор Алексей Чжен мен Fashion Coworking Space BACKSTAGE-тің жетекшісі модельер-конструктор Назым Аийыпкановамен кездесу өтті. Іс-шара Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен жүзеге асты. Кездесу барысында студенттер дизайн саласына қатысты сұрақтарына жауап алып, ыңғайлы әрі сәнді киімдерді тігу жолдарымен таныс болды.

Ақтоқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Kazakhstan Fashion Week-тің құрылу тарихы 2004 жылдан бастау алады. Бірінші жоба Almaty Fashion Week деп аталды, осы атаумен ол бір жылға созылған. Осы ретте жоба ұйымдастырушылары алдағы уақытта қандай жоспар мен мақсаттары барын айтып кеткен еді.

«Жалпы, әр шығармашыл тұлға өзінің әлемін басқаша көреді. Мейлі ол сән әлемі болсын, басқасы болсын. Мен үшін сән әлемі ешқандай сатыларға бөлінбейді. Сән әлемі әр дизайнер үшін, жалпы осы салада жүрген кез келген адам үшін өзінің талантының, өзінің шығармашылығының ерекшелігін көрсету үшін тамаша мүмкіндік береді. Бүгінде жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру біздің міндетіміз. Ұйымдастырылып отырған шара біздің бірінші мастер-класымыз. Алдағы уақытта бұдан да үлкен кездесулер өткізіп, оқушылар мен студенттерге арналған оқыту курстарын жасамақпыз», – дейді модельер-конструктор Назым Аийыпканова.

Кездесу барысында студенттер сән апталығын ұйымдастырушыларға көкейде жүрген сауалдарын қойды. Сәнгерлер арасында өтетін конкурстың тәртібімен танысып, өз өтініштерін қалай беру керектігін ұғынды.

«Кездесу барысында студенттерге «дизайн дегеніміз не? Бізге не үшін қажет? Дизайнер болу үшін не істеу керек?» деген сауалдарға жауап бердік. Сондай-ақ, дизайнерлердің арасында өтетін конкурстың шарттары мен қатысу жолдарына хабар бердік. Бүгінде сән саласы елімізде дамып келеді, жастарымыз дизайнерлікке ерекше көңіл бөлуде. Десе де, талантты жастардың шабытын шыңдау үшін оларға қолдау білдіру керек. Қазіргі жастарға қарап отырып, қазақтың ою-өрнегін, ұлттық нақышын әлемге танытады деп сеніммен айта аламын», – дейді Kazakhstan Fashion Week-тің негізін қалаушысы және арт-директор Алексей Чжен.

Сән апталығы жылына екі рет өтеді. Жалпы, бұл іс-шара Қазақстанда өте танымал, тарихы терең. Негізі бұл Алматы қаласынан бастау алған. Әр көрсетілімде отандық дизайнерлердің киімдерінің топтамасы көрермен назары-

● АЛАТАУ АУДАНЫ

Алатау ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында семинар-кеңес өткізілді.

Алатау ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында санитариялық-гигиеналық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау

бөлімінің мамандарымен, КММ №169 мектеп-гимназия акт залында жалпы білім беретін, жекеменшік мектептердің орта медициналық қызметкерлері арасында «Білім беру ұйымдарындағы тереңдетілген медициналық тексерудің және жүргізілген сауықтыру іс-шараларының сапасы, 2022 жылғы жасалған жылдық нәтижелік көрсеткіштердің қорытындысы» та-

қырыпта семинар-кеңес өткізілді.

Семинар барысында жалпы білім беретін мектептердің орта мектептерінде оқушыларды сауықтыру белсенділігі және сырқаттанудың алдын алуға байланысты сөз болды.

Аудан мектептерінде оқитын оқушылардың арасындағы жалпы және суық тиюге байланысты кездесетін санитариялық-эпиде-

миологиялық жағдайлар талқыланды.

Қатысушылар тарапынан көптеген сұрақтар қойылды. Жиналыс қорытындысы бойынша мектептердегі оқушылар арасында медициналық қызмет көрсету сапасын, сауықтыру және алдын алу белсенділігін арттыруға, тағамнан уланудан және жіті ішек инфекцияларының алдын алуға ұсыныс берілді.

● АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Алмалы ауданы әкімі аппаратының қызметкерлері «Жұлдыз» – «Оптовка» базарын аралап шықты.

Нарық әмбебап болып табылады және азық-түлік өнімдерін де, тұрмыстық тауарларды да сатады. Нарықта 650-ден астам кәсіпкер сауда жасайды. Олардың барлығы қызығушылық танытып, осы іс-шараға белсенді қатысты.

Аралау барысында кәсіпкерлер тұрақ аймағын жайластыру, базарды жаңғыртудың келесі кезеңін және Розыбакиев көшесі бойындағы стихиялық сауда мәселелерін көтерді.

Сондай-ақ, кәсіпкерлерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына (ӘМАТ) бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу және сауда үстемесінің 15%-дан аспауы туралы ескертулер жасалды.

Сондай-ақ, Алмалы ауданы әкімі аппаратының қызметкерлері

САУДА ОРЫНДАРЫ ТЕКСЕРІЛДІ



«Барыс IV» базары мен Төле би – Шевченко – Розыбакиев – Гагарин көшелерінің шаршы аумағында «үй жанындағы» дүкендердің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына (ӘМАТ) делдалдық схемалар тізбегін анықтау жұмыстары жүргізіліп, кәсіпкерлерге

әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу және сауда үстемесінің 15%-дан аспауы туралы түсініктемелер берілді.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

Kazakhstan Fashion Week

бүгінде қазақстандық бренд дамып келеді



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

на ұсынылады. Сонымен қоса, шетелден келген қонақтар да отандық сәнгерлердің жұмысымен танысады.

«Kazakhstan Fashion Week – көптеген дизайнерлер үшін негізгі әрі бастапқы алаң. Дәл осы жерде қазақстандық сән әлемінде жаңа есімдер ашылуда. Өздеріңіз білетіндей, дизайнерлер ғана емес, сонымен қатар модельдер, фотографтар, стилистер, макияж суретшілері әлемі де осыған тікелей байланысты. Fashion-индустрияның ортасында жүрген кез келген адам үшін, кез келген дизайнер және осы салада өзін сынағысы келетін шығармашыл тұлғалар үшін таптырмас алаң», – деді Алексей Чжен.

Талантты жастарға мүмкіндік сыйлаған KFW осы уақыт аралығында өркендеп, дизайнерлердің де деңгейінің көтерілуіне атсалысып келеді. Шараның бір маусымына 3 мыңдай адам қатысады. Қарап отырсақ, Kazakhstan Fashion Week – 22 жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан ұлттық жоба.

«Сән апталығының әр маусымы біз үшін ерекше. Біздің күш-жігеріміздің арқасында бүгінде қазақстандық бренд дамып келеді, ал дизайнерлер отандық тұтынушылар арасында сұранысқа ие бола отырып, жұмыс істеуді жалғастыруда. Бұл біз үшін өте маңызды. Коллекцияны жасау кезінде киімімізді киетін қыздарға ыңғайлаймыз, олардың табиғатына келетін киімдерді кигізуге тырысамыз. Бізде дизайнер Аида Матаева зергерлік бұйымдарды жасаумен айналысады. Біз әрқашан модельдермен бірге

топтаманың мәнін жеткізуге тырысамыз. Сол үшін де аялмай еңбек етеміз. Кездесуімізде де осыны жастарға ұғындыруға тырыстық», – дейді арт-директор Алексей Чжен.

Кездесу кеші студенттердің, дизайнерлерлердің, сәнқой арулардың, журналистердің үлкен ықыласына ие болды. Көктемгі маусымда қандай киімдер сәнде болатыны жайлы талқылау болды. Студенттер өздерінің шығармашылығын көрсетіп, кем-кетік тұстарын сараптап алды.

«Оқу орнымыздың бізге ұсынған мастер-класы көңілімізден шықты. Әрбір жас сәнгердің арманы KFW құрамына кіру. Болашақта мен де осы жерде жұмыс жасап, киімдерді көпшілікке таныстырғым келеді. Кішкентай кезімде сән туралы бағдарламаларды көріп отыратынмын. Бұл кісілердің атақ-даңқын әлемдік сәнгерлер де естіді. Өздерінің ерекше ыстық ықыласын да білдіреді. Біз секілді жаңа толқын, жас буынмен кездесіп, ақыл-кеңестерін білдіргендеріне ерекше қуаныштымын. Алдағы уақытта шетелдің сәнгерлерімен тәжірибе алмасақ деген үмітім бар», – дейді студент Айдана Мәден.

Кездесуде жастардың ерекше жобалары таңдалып алынды. Қазақстанда сән саласы дамып жатқанына өте қуаныштымыз. Бәсекенің арқасында даму болатыны рас. Біздің елде стилистер, косметологтар, дизайнерлер мен визажистердің қатары өсіп келеді. Бәсеке сапа тудырады. Алдағы уақытта қазақ халқының ұлттық киімдері әлемдік сән саласында бой көрсетіп, сәнге айналарына сенімдіміз.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

«Біз инновациялық экономика мен қаржылық экожүйені жаңадан қалыптастыру кезеңіндеміз. Алдымызда ауқымды жұмыстар тұр. Мемлекет басшысы ретінде мен үшін бүкіл экономикамызды жаңа инновациялық даму жолына салу – басты міндет».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ

жаңа серпін алды

Еліміздегі қаржы секторы отыз жылдың ішінде талай өткелдерді артта қалдырып, бірде құлдырап, бірде шарықтап, бүгінде жүйелі салаға айналып келеді. Осы саланың заманға сай дамып, қанат жаюына Президент ерекше мән беріп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен Қазақстанның қаржы секторын 2030 жылға дейін дамытудың тұжырымдамасы қабылданған болатын. Тұжырымда қаржылық тұрақтылықты нығайтуды, экономиканы қаржыландыру өсімін ынталандыруды, тұтынушылар құқығын қорғауды қамтамасыз етеді. Тапсырмаға сәйкес Тұжырымдамада көрсетілген нақты мақсаттарға жету үшін еліміздегі қаржы секторында қыруар істер атқарылып, бұл саланың жаңа тынысы ашылып келеді.

Тұжырымдамада 5 маңызды ұстаным айқындалған: қаржы секторы дамуының экономикалық өсуге оң әсерін қамтамасыз ету, қаржылық технологияларды дамыту және инновациялық өнімдер мен қызметтерді енгізу үшін жағдай жасау, қаржы институттары қызметінің тұрақтылығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қаржылық тұрақтылықты қолдау, барлық қаржы ұйымы үшін теңдей жағдай жасау және бәсекені дамыту, бесінші бағыт – қаржылық қамтуды арттыру және барлық тұтынушы үшін қаржылық өнімдер мен қызметтерге қол жеткізуде тең жағдайларды қамтамасыз ету.

Тұжырымдамамен қатар былтыр 12 шілдеде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Бұл отандық қаржы секторын дамытудағы маңызды белес деп бағалауға болады.

Заң аясында қаржы нарығын реттеуде, тұтынушылар құқығын қорғауда және инфрақұрылымдық дамытуды қолға алуда жаңа тәсілдер қарастырылады. Заңда негізгі үш блок бар. Біріншісі – сақтандыру секторын кешенді дамыту. Екіншісі – отандық қор нарығының жұмысын одан әрі жақсарту. Үшіншісі – банк қызметін жетілдіре түсу.

ЦИФРЛАНДЫРУ

Соңғы жылдары Қазақстандағы қаржы секторында тың өзгерістер көбейді.

Өткен жылы банк саласында басталған бірқатар өзгерістер клиент үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталып отыр. Бұл негізінен жеке тұлғалардың банкроттығы және стрестік активтерге қатысты. 2022 жылы 30 желтоқсанда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңға қол қойды. Заң 1 қаңтарда ресми түрде жарияланды. 2023 жылдың 3 наурызынан бастап қарыздары бар, сол қарыздарын өтей алмайтын азаматтар аталған Заң бойынша банкроттық туралы өтініш бере алады. Жаңа заң қоғамда несие жүктемесі тым көбейіп кеткен азаматтар санын азайтып, экономикалық тепе-теңдікті қалыптастыруға септігін тигізбек. Стрестік активтерді айналымға



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айдос ЖҰМАҒҰЛОВ,
қаржы сарапшысы:

Бүгінде еліміздегі кейбір озық банктер ипотека, автонеисе секілді күрделі дүниелерді де цифрландыруға көшті. Ипотеканы онлайн рәсімдеуде ең қиындық тудырғаны жылжымайтын мүлікті бағалау болды. Осыған орай мамандар деер-технологияларды ойлап тапты. Бұл дегеніміз, цифрлық технологиялардың мүмкіндігін барынша пайдалануға мүмкіндік беретін озық үлгі. Автонеиселеуді онлайн жүргізудің де өзіндік қиындықтары болды. Бірақ электронды үкіметтің, соның ішінде ІІМ жүйелі жұмысының арқасында біз бұған да қол жеткізіп отырмыз.

Цифрлық технологияны дамыту арқылы банктердің де қызметі жеңілдейді, клиенттің уақыты үнемделеді. Құжат жинап, банкке бірнеше мәрте келудің қажеті жоқ, барлығы автоматтандырылған. Әуел баста адамдардың цифрлық жүйеге дегенге сенімі аз болатын. Қазір клиенттердің сенімі арта түсті. Жаңа заманның озық технологияларынан қорықпау керек деп ойлаймын. Бұрын қазақстандықтар көлікті сақтандыру үшін немесе тұрғын үйге қатысты қандай да бір анықтаманы алу үшін ХҚКО-на жүгінетін немесе электронды үкімет порталы арқылы онлайн қызмет алатын. Бір мезетте мыңдаған адам порталға кіргенде сервер көтере алмай қалатын жайттар жиі болды. Ал қазір электронды үкіметтің жүгі аздап болса да жеңілдеді. Өйткені, электронды үкімет порталындағы қызметтердің барлығын дерлік банк қосымшалары атқара алады.

● КЕРЕК ДЕРЕК

Қазір банк секторында 22 екінші деңгейлі банк жұмыс істейді. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің банк секторын бағалауына сәйкес биыл проблемалық кредит үлесі 11,5%-дан 14,8%-ға немесе 509,1 млрд теңгеге өсті. Стандартты займ көлемі 1,3 трлн теңгеге, 85,7%-дан 77,1%-ға азайды. Несие тәуекелін арттыру белгісі бар қарыз 805,3 млрд теңгеге немесе 2,8%-дан 8,1%-ға артып тұр. 10 банк бойынша жеткіліктілік капиталының жалпы деңгейі 1,7 пайыздық тармаққа, 17,6%-дан 15,9%-ға төмендетілді. Бұл нормативті бекітілген минималды деңгейден 7,5%-ға жоғары.

жіберу де бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Статистикалық деректерге сәйкес, бүгінде стрестік актив көлемі 2,4 трлн теңгеге бағаланады, бұл – банк жүйесіндегі активтердің 6,1 пайызы. Жаңа бастама бойынша стрестік активтерді енді заңды тұлғаларға тиесілі активтерді жеке инвесторлар да сатып алады. Осылайша проблемалық займдардың мөлшерін төмендету, оларды экономикалық айналымға енгізу мәселесі шешімін таппақ.

Қазіргі ақпараттық заманда банк кең ауқымды қызмет көрсететін, түрлі сала бойынша жан-жақты сервис бар ауқымды құрылымға айналып келеді. Қаржы сарапшысы Айдос Жұмағұловтың айтуынша, егемендіктің алғашқы жылдары Қазақстанның қаржы жүйесі ТМД-да үздік болды, кейін сәл әлсіреді. 2007-2008 жылдардағы дағдарыстың әсері қатты болды. Ал қазір банк жүйесінде прогресс байқалады. Айталық, банктерде цифрандыру белсенді жүргізіліп жатыр. Соңғы бірнеше жылда

көптеген банк IT-жүйелерін жақсы дамытты. Банктер арасындағы бәсекелестік арта түсті. Бұрын банктердегі сервистік қызмет әлсіздеу болса, қазір кез келген банк алдымен сервиске мән береді. Классикалық банк қызметтері үшін инфрақұрылым шығындары әжептәуір болатын, өйткені банкте үлкен штат жұмыс істеуі керек, кассалық апаратыр қажет. Мұнда офлайн-операциялар мен стандартты қызметтер жиі атқарылады. Ал бүгінде банктер цифрлық қызметті дамыта түскелі бері, онлайн-процестер жанданды, автоматтандыруға, жылдамдыққа, мемлекеттік қызметтерді интеграциялауға, деректерге оңай қол жеткізуге, уақытты үнемдеуге мүмкіндік туды.

ИНВЕСТИЦИЯ

Кейінгі жылдары Қазақстандағы қор нарығы да біраз қондана бастады. Бүгінде еліміздің біршама азаматтардың инвестицияға деген қызығушылығы артып, жалпы

халық арасында инвестиция туралы түсінік қалыптаса бастады. Нарыққа жаңа ойыншылардың келуі де бұған әсер етті.

Өткен жылдың алғашқы жартыжылдығында Қазақстанның акциялар нарығы әлемдік нарықтың соңынан «аю нарығына» өтіп, 27,2%-ға төмендеген еді. Екінші жартыжылдықта жергілікті акциялар нарығында индекстің қалпына келуі мен өтімділіктің біртіндеп қалпына келуі байқалған. 2023 жылғы басты тренд – нарықтың қалпына келуі болмақ. Бұл туралы «Фридом финанс» АҚ өкілдері айтты. Қаржы маманы Ермек Төлендиевтің айтуынша, былтыр нарық төмендегенімен, инвесторлар ашқан шот саны 2021 жылмен салыстырғанда 3 есе өсіп, 547 мыңға жеткен.

Маманның пікірінше, 2023 жылы отандық қор нарығы қалпына келе бастайды. Өйткені, сыртқы нарықтар да пандемия мен геосаяси шиеленістен кейін ақырындап есе жиып келеді. 2023 жылы әлемдегі «аю» нарығы аяқталады деп күтіліп отыр.

САҚТАНДЫРУ

Тұжырымдама айтылған сақтандыру секторын дамыту да бүгінгі күннің басты міндеті болып отыр. Ол үшін ең алдымен сақтандыру ұйымдары өнімдер ауқымын арттырып, азаматтар үшін жаңа инвестициялық құралдар енгізілуі керек. Бұдан былай олар тек сақтандыру қызметін ұсынып қана қоймай, сонымен бірге азаматтардың инвестиция жасап, жинақ қалыптастыруына да жол ашады.

Сақтандыру – қаржылық шығындарды азайту немесе келтірілген зиянды өтеу үшін мүмкіндік беретін қызмет түрі. Бұл – сақтандыру жағдайы барысында келген шығынды өтеу үшін негіз болатын сақтанушы мен сақтандыру қызметін жүзеге асырушы арасындағы келісім-шарт. Ұрлық, індетке шалдығу, мүлікке келтірілген зақым, қаза болу сынды сақтандыру жағдайларынан келген шығынды азайтуда көмек болады.

Қазақстанда өмірді сақтандыру нарығы қарқынды дамып келеді. Елде өмірді сақтандырумен айналысатын, кепілдендірілген 9 компания бар. Олар: «Халық-Life», Nomad-life, Freedom Finance Life, «Еуразия», «Еуропалық сақтандыру компаниясы», Standard Life, Мемлекеттік аннуитеттік компания, «Сентрас Коммекс Life» тұтынушыларға сақтандырудың екі түрін ұсынады: міндетті және ерікті сақтандыру. Міндетті сақтандыру қызметкерді жұмыс кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандырады, сонымен бірге туристерді сақтандыруды қамтиды. Ерікті сақтандыру төрт негізгі бағыт бойынша жұмыс істейді: олар – өмірді сақтандыру, аннуитеттік сақтандыру, ауырған жағдайда сақтандыру және жазатайым оқиғалардан сақтандыру. Әсіресе, өмірді сақтандыру мен зейнетақы аннуитеті жоғары сұранысқа ие.

P.S. Қазақстандағы банктер әлем бойынша онлайн-қызмет көрсетуден алдыңғы ондыққа енген. Бұған еліміздегі онлайн-сауданың өсуі де ықпал етіп отыр. 2025 жылға қарай Қазақстанда онлайн-сатып алушылардың саны 15 миллионға жетеді деген болжам бар. Демек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Қазақстанның қаржы секторы дамуының даңғыл жолын жалғастыра бермек.

Бетті әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.

ҚАРТТАР – ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ

ҚАРИЯЛАРҒА – ҚҰРМЕТ,

Алматының Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарындағы

Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Бұл зейнеткерлердің денсаулығын сақтау мен бос уақытын ұйымдастырумен кәсіби түрде айналысатын орындар. Орталықтар зейнеткерлердің басын қосып, бос уақыттарын көңілді, пайдалы өткізуге көмектеседі, оларға физикалық және психологиялық тұрғыдан қолдау көрсетеді. Алматының Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарындағы бағдарлар емдік дене шынықтырудан бастап психологиялық кеңес беруге дейін түрлі бағыттарды қамтиды.

Содан бері орталықтарға сан мыңдаған зейнеткерлер келген екен. Олардың психологиялық жағдайы едәуір жақсарды, олар көпшілік бола бастады, денсаулығында белгілі бір нәтижелер байқалды, өйткені мамандар аурудың алдын алуға ерекше назар аударады.

Бүгінде Алматыда барлығы 9 Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы жұмыс істейді, олардың жұмысы туралы толық ақпаратты колл-орталықтың 1308 нөмірі арқылы білуге болады.

Медеу ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында үш мыңға жуық белсенді қария тіркелген. Ауданда 28288 мыңнан астам зейнеткер тұрады. Олардың арасында 9-ы – Ұлы Отан соғысының ардагері, 1440-ы – тыл ардагері мен 264 репрессия құрбандары бар. Осыдан біраз уақыт бұрын ауданның белсенді қариялары үшін «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» ашылып, өз жұмысын бастаған еді.

Қазіргі таңда зейнеткерлер бұл орталыққа күн сайын тұрақты түрде бас сұғатын болды. Аталмыш орталықты туған үйлерінен еш кем көрмейді. Өйткені, қаланың қазыналы қарттары қоғамның ырғағынан қалыспай, белсенді болуды мақсат тұтқан. Олар мәнді де, маңызды өмір сүргенді қалайды. Бар өмірін еліміздің өркендеуі жолына жұмсаған қариялар қазір жас кезіндегі бейнеттің зейнетін көруге кіріскен. Осынау орталықта ата-әжелеріміздің екінші тынысы ашылғандай. Бір кездері қариялар өздерінің мамандықтары бойынша еңбек етсе, қазір сол кезде уақыты болмаған түрлі үйірмелерге қатысып, басқа да қырларынан танылып жатыр. Әрине, зейнетке шыққан соң белсенді өмір сүру ұзақтығы мен қоғамдық өмірдегі рөлін



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы зейнеткерлерге, егде жастағы қарияларға бірқатар тегін қызмет түрлерін ұсынады. Олар:

- Скандинавиялық жүріс;
- Йога;
- IT-сауаттылық;
- Қазақ және ағылшын тілдерін үйрету;
- Тақырыптық концерттер және командалық ойындар;
- Актерлік шеберлік;
- Домбыра курсы;
- Жады жаттығулары;
- Дәрігерлер кеңесі;
- Заңгерлік кеңес;
- Хор;
- Шахмат;
- Қолөнер шеберлігі.



арттыру бойынша жүргізілетін жұмыс маңыздырақ болады. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін аға буын қарым-қатынас тапшылығына, белсенді әлеуметтік байланыстардың жоғалуына ұшырайды. Мамандардың пікірінше, білім беру қажеттіліктері көп жағдайда төмендемейді, кейде тіпті арта түсетін көрінеді. Сондықтан орталықта еңбекке баулу, сурет салу, ән-күй, би, хор, скандинавиялық серуендеу, йога, емдік дене шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы бойынша сауықтыру іс-шаралары жүргізіледі. Жоғарыда аталған барлық қызметтерді әлеуметтік салада тәжірибесі бар білікті мамандардан тұратын көпсалалы топ ұйымдастырады.

Зейнеткерлердің бір ауық қала сыртына шығуы үшін қала мен облыс бойынша туристік сапарлар да ұйымдастырылады. Қариялардың талғамына қарай орталықта еңбек терапиясы жұмыс жасайды. Мұнда әжелеріміз киізден бас киім, аяқкиім, қолғап, табактың астына қоятын кілемшелер

жасайды. Ұршық үйіріп, тоқыма тоқиды. Сондай-ақ, әдемі кәдесыйлар жасап, орталыққа келген қонақтарға сыйға тартып жатады.

Орталықта зейнеткерлердің өз қолымен жасаған бұйымдарының көрмесі тұрақты түрде өтіп тұрады. Қарттарымыз бұл көрмеге белсене, қызу дайындалады. Бұған қоса, гердотерапия (өсімдік шаруашылығы) да қарттардың ең жақсы көретін ермегіне айналып отыр. Орталықтағы психологиялық кеңес беру қызметтері, топтық және жеке, арт-терапия жұмыс жасап, қарттарға қызмет көрсетеді. Орталық мақсаты – егде жастағы адамдарды түрлі мәдени, спорттық шараларға баули отырып, оларды әлеуметтендіру, қоғамдағы рөлін арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Талантты қариялар өте көп болғандықтан, Орталықтарда ұлт аспаптар ансамбльдері де ұйымдастырылған. Ақпараттық дәуірдің дүрмегіне ілесіп, компьютердің



ЖАСТАРҒА – МІНДЕТ!

бағдарлар түрлі бағыттарды қамтиды



Қарттар айлығы аясында Алмалы ауданындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында кезекті «food fest» шеберлік сабағы ұйымдастырылды. Іс-шараға белсенді ұзақ өмір сүру орталығының 40-қа жуық қарт адамдары және «Apache bbq» мейрамханасының аспазшысы Алипаша Чайтобаев және Дурсунов Рустам қатысты. Осы орталықта әр сейсенбі күндері әр ұлттың тағамдарынан шеберлік сабағы өтеді. Бұл шеберлік сабағында гриль үстінде көкөністермен бавариялық шұжықтардың жасалуы көрсетілді. Шеберлік сабағының соңында қатысушыларға дайын болған тағам ұсынылады.


құлағында ойнайтын ата-әжелердің қатары қалың. Тіпті, немерелерімен ағылшын тілі үйірмесіне барып, шетелге шығып жүрген де қариялар бар.

Белсенді өмір сүру орталықтарында зейнеткерлер өздеріне ұнайтын кәсіпті тауып, бос уақыттарын тиімді өткізеді. Қариялар би мен вокалдық үйірмелерді, сонымен қатар аспаздық және мотивация-

лық курстарды жақсы көреді. Компьютер бағдарламаларын игереді. Жаңа достар кездестіреді. Фитнеспен, йогамен, скандинавиялық жүріспен айналысады, шахмат, дойбы ойнап уақыт өткізеді, оларға медициналық пункт қызмет көрсетеді. Шахмат пен дойбы ойнау қариялардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді есте сақтау қабілетін жақсартуға және дамытуға



- Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында дәрігерлер (гериатр, хирург, невропатолог, тіс дәрігері, салауатты өмір салты жөніндегі мамандар) тегін кеңестер де береді.
- «Сұлулық күні» акциясына Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының әйелдер қауымының 20-ға жуық өкілдері қатысты. Оларға «Империя сұлулық» салонының шеберлері нағыз әдемілену мерекесін сыйлады. Стилистер мен маникюр шеберлерінің барлық қызметтері егде жастағы әйелдерге тегін жасалды.
- Орталықтардағы тағы бір маңызды жоба «Табиғатты сақтаңыздар!» тақырыбында өтеді. Қоршаған ортаны қорғау мен қауіпсіздік факторлары – қаланың әрбір тұрғыны үшін маңызды борыш.



тиімді ықпал етеді. Сондай-ақ, ағзаның қартаюын баяулататын қасиетке ие. Орталыққа келушілер сонымен қатар смартфонды, әлеуметтік желілерді, қажетті DamuMed, eGov қосымшаларын меңгереді, сондай-ақ қазақ және ағылшын тілі курстарына қатысады. Осы ретте қарт адамдарға арналған «Айкуне» қазақ ұлттық гимнастикасынан жаттығулардың да орны мен маңызы бөлек. Жаттығулар көбіне-көп таза ауада өтеді. Гимнастика қарт адамдар үшін өте пайдалы, өйткені жаттығулар бұлшық ет тонусын жақсартады және омыртқаға жағымды әсер етеді.

– Орталыққа келіп, қатарластарымен шүйірлесіп, әңгімелескеннің өзі неге тұрады? Орталықта түрлі сабақтар жүреді. Осында келіп кітап оқып отырады. Мұның өзі бір демалыс емес пе? Жалпы, орталық қариялардың бос уақыттарын мәнді өткі-

зуге көмектеседі. Олар дос-құрбы тауып қана қоймай, қаладағы түрлі байқауларға да бірге қатысады. Орталық қариялардың денсаулығын да үнемі бақылап отырады. Сондықтан түрлі жаттығулар жасау орталықтың күн тәртібінде. Мәселен, қариялар омыртқаға арналған жаттығуларға белсене қатысады. Әр жаттығуды кем дегенде 15 минут жасайды. Бұл адамның қан айналымына, бұлшық еттеріне өте пайдалы. Жаттығу жасамас бұрын арнайы дәрігер қарттардың дене қызуын, қан қысымын тексереді. Кейде қариялар орталыққа қан қысымы жоғары болып та келеді. Ондай кезде отырып демалады. Қалыпқа келген соң барып, қатарға қосылады. Біз өз кезегінде «Сіздің денсаулығыңыз үшін» белсенді ұзақ өмір сүру орталығына белсенді болуға шақырамыз, – дейді жоба жетекшісі Меруерт Таңжарыққызы.



КАРАТЭ

ҮЗДІКТЕР СҰРЫПТАЛДЫ

Алматыда каратэ шинкиокушинкайдан ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының кубогы өтті. Ең мықты спортшылар үздік атанды. Сөйтіп, әлем чемпионатына жолдама алды.

Каратэ сайысында абсолюттік салмақ дәрежесі бойынша өңірлерден келген спортшылар бақ сынады. Турнирге еліміздің барлық өңірлерінен 18 жасқа толған спортшылар қатысты. Бұл турнир Токионың 2023 жылғы абсолютті әлем чемпионатына іріктеу мақсатында ұйымдастырылды. Осы жарыс қорытындысы бойынша төрт мықты спортшы сонда аттанады. Олар: Кинзерский Анджей (Астана), Авзалов Рустам (Алматы), Ибраев Чингисхан (Астана), Зимарев Антон (Астана). Сондай-ақ, спортшылардың жай-күйі жайында ой-пікірлер айтылды.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Болат БАҚТАЕВ,
Каратэ шинкиокушинкай федерациясының президенті:

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫН СПОРТҚА ТАРТУ ҚАЖЕТ

Биыл қазан айында Жапонияда каратэ шинкиокушинкайдан жарыс өтеді. Осы турнирден ұтқан 4 спортшыны алып барамыз. Бұл ересектер арасындағы сайыс болады. Үстіміздегі жылы 9-10 маусымда Азия чемпионатын өткіземіз. Жас мөлшері 12-21 жас аралығын қамтиды. Бұл Алматы қаласында өтеді.

Еліміздегі каратэ спортының даму қарқыны жақсы. Өзім ауылданмын. Сарыөзектің тумасымын. Қай жерге барсақ та, ұлттық кадр мәселесін көтереді. Сондықтан Атырау, Шымкент, Алматы және т.б. қарақөздерімізді қолдап келеміз. Спорт залдарын ашып жатырмыз. Қажетті заттарын сатып алып берудеміз. Негізінен 4 жасқа толған бала, каратэге жазыла алады. Бұғанасы қатпай тұрып, айналыса бастаса игі. Ары қарай өздігінен алып кетеді. Ең бастысы, талпыныс болса болғаны.

Біздің мақсатымыз – ауыл жастарын қолдау. Қанша дегенмен, ауыл баласы төзімдірек. Дала, қала деп бөле жарып отырған түгіміз жоқ. Бірақ шындығы солай. Қап тауының ішіндегі өмір сүріп отырған ағайындарды білесіздер. Бәрі шетінен спортшы сияқты көрінеді. Ол солай да. Дағыстан, Шешенстан халқы балаларын спортқа ерте жастан баулиды. Бәрі бірдей спортшы болу шарт емес. Бірақ рухтары мықты екенін білеміз. Сондықтан да күрес, бокспен айналысқандар осал болмайды. Ер адамға тән мінез қалыптасады. Салауатты ұлт қағидаты орнайды. Біздің ата-бабамыз батырлықтың ерен үлгісін танытты. Ендеше, салауатты ұрпақ өсіп, дене бітімі мығым, шымыр азаматтар қалыптассын десек, қазақ жастарын спортқа тартатын кез келді. Бәрі бірдей спортшы болмаса да, салауатты ұлт қалыптассын деген ниетіміз бар.



Еламан МҰҚАШЕВ,
каратэші:

ӘР САЙЫСТЫҢ ОРНЫ БАР

Өзім осы спортпен белсенді түрде 10 жасымнан айналысамын. Елорда атынан жарыстарға қатынасып жүрмін. Бұл маған ұнайтын спорт түрі. Әр сайыс өзіндік ерекшелігімен есте қалады. Жанкүйерлер әдемі сайыс көруді көксейді. Алайда, татамида ешкімді елемейсіз. Бар назар қарсыласта болады. Оның әрбір соққысын бағамдап, қарымта қайтару қажет.

Каратэ басқаларға ұқсамайды. Мұнда жанды жерлерден ұруға тебуге тыйым салынған. Бастан соққы дарытпауымыз керек. Көкіректен, белден жоғары ұруға рұқсат. Тебуге де болады. Кейде ойламаған сәтте қарсы тарап жылдам әдіс жасаса ұшып түсесіз. Кейде сіздің салмақ дәрежеңіз – 65, қарсылас 95 болады. Сол кезде қиындау. Қанша дегенмен, салмақ та өз әсерін береді. Осындай сәтте тайсалмай, дәлдей білу маңызды. Қазір әртүрлі сайыстарға қатысамын. Бір жағынан жаттықтырушы болып істеймін. Ойымыз чемпион болу. Соған күндіз-түні еңбектөніп жатқан жайымыз бар. Бұйырса, Халықаралық жарыстарда төбе көрсетіп қалармыз.



Тимур БИДАЙБЕКОВ,
каратэден спорт шебері:

КАРАТЭ КІСІНІ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

Мен 22 жасамын. Каратэмен айналысып жүргеніме 12 жыл болды. Мұндай сайыстардан қалмауға тырысамыз. Каратэ жарақаты көп спорт түрі. Абайламасаңыз, қас-қағым сәтте оқыс жағдайға ұшырап қалу жағдайы бек мүмкін. Алайда, ережені сақтап, әдіс-айланы дұрыс пайдаланса, келеңсіз ахуалдан сақтануға болады. Оның да өз жолы бар. Мейлінше, жарақат алмау жағын да ойлау керек. Өйткені, ауыр жарақат спортшының жолын кеседі.

Сондықтан оқыс жағдай мен келеңсіздікке ұшырамайтын жағын ойластыру қажет.

Өзімнің қатарластарыма арнайы бір ойымды жеткізім келеді. Құр жүрмей спортпен айналысса деймін. Каратэ жапондықтардың спорты болғанмен, адамның ішкі рухымен тікелей байланысты. Ұстаз бен шәкірт арасындағы ықпалдастықты көрсетеді. Сондай-ақ, арақашықтық, сый-құрмет қағидаларына негізделген. Осы жағынан алғанда, қазақы менталитетке жақын. Сол себепті де, қазақ жастары көбірек айналысса дейміз.

TARTYL FEST

Елімізде ең танымал жоба қайтадан қарқын алады. Турник, брусияға құмар жандар бақ сынап көруіне мүмкіндік жасалады. Осылайша темірде түрлі әдіс жасай білетін, тартыла білетіндер сайысады.

ДОДА БАСТАЛДЫ

Астанадағы Конгресс орталықта Tartyl Fest республикалық турнирінің гранд-финалы басталды. ҚР Президенті жанындағы «DARA» таланттарды қолдау қорының бастамасымен ұйымдастырылған турнирдің актық сынына өңірлік іріктеу жарыстарында үздік нәтиже көрсеткен 170 спортшы қатысады. Қатысушылардың жасы 14-51 жас аралығында. ЕХРО аумағындағы Конгресс орталықта өтіп жатқан гранд-финалдан «Jibek Joly» телеарнасы тікелей көрсетілім таратады. Гранд-финалдың жалпы жүлде қоры – 54 млн теңге. Өз салмақ дәрежесі бойынша келесідей қомақты жүлде қоры белгіленген.

ДӘЛІРЕК:

1-орын алған жеңімпаздарға – 3 млн теңге;
2-орын алғандарға – 2 млн теңге;
3-орын иеленгендерге – 1 млн теңге сыйақы беріледі.

Бұл гранд-финалда чемпион атанғандар Street Workout бойынша әлем чемпионатында Қазақстан атынан сайысқа түсе алады.

ММА

СҰЛАТЫП ТҮСІРДІ

Қазақ жігіті ережесіз жекпе-жектен мықты өнер көрсетіп, көпті тәтті етті. Ол небәрі 30 секунд жылдамдықта қарсыласын бетқаратпай сұлатып түсірді.

Ол отандасымыз Дамир Төленов деген жас спортшы. Сегіз бұрышта аты енді танылып келе жатыр. Соған қарамастан ол спорттық мансабында айрықша әдіс-тәсілімен көзге ілінді. Оның бұл жеңісі сарапшылардың үздік бағалауына ие болды.

Алматыда өткен OCTAGON 41 турнирі спортшылар үшін айқасты кезек болды. Орталық Азия елдерінің баһадүрлері бақ сынады. Сөйтіп, кіл мықтылар танылды. Жерлесіміздің осы жолғы қарсыласы Шерзод Ибодилоев еді. Ол тәжікстандық спортшы. Дамир оны бірінші раундта нокаутқа жіберіп, аз уақытта жеңіліске ұшыратты. Осылайша батырымыз жанкүйерлерін бір қуантып тастады. Жерлесіміздің лақап аты – «Қазақ сехудосы». Данияр кәсіпқой мансабындағы тоғызыншы жеңісіне қол жеткізіп, Еуразиялық промоушеннің ең жеңіл салмақтағы чемпионы атағын қорғап қалды.

БОКС

ОТАНДАСТАР – ОНДЫҚТА

Қазақ боксы тағы бір саты жоғарылады. Сөйтіп, ғаламдық бокс сериясында бір қадам ілгері көтерілді.

WBO ең жоғары көрсеткішті жариялайтын ұйым. Бағыты – бокс. Аталған Дүниежүзілік бокс ұйымының таратқан мәліметі осы аптада жұртты елең еткізді. Себебі, аталмыш тізімде қазақ боксшысы бар болып шықты. Жаңарған рейтинг тізімінің майталманы – Сұлтан Зәуірбек.

Қазақ боксының хас шеберіне айналып келе жатқан тағы бір боксшы бар. Бұл дивизионда Мейірім Нұрсұлтанов (18-0, 10 KO) рейтингте үшінші орында тұр. Жас та болса, қажырлы еңбегімен Америка Құрама Штаттарынан нәтижелі жеңіс сыйлап жүрген оғланымыз бар. Алматылық боксшы Али Ахмедов ондыққа іліне қоймады. Десе де, мәреден тым алыс тұрған жоқ. 12-орында тұр. Алдағы уақытта ондықтан көріп қалармыз.

Бетгі әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ЖҮГІРУ

МАРАФОН – ӨЗ ДЕҢГЕЙІНДЕ

Халық даналығы «жүтірген жетпес, бұйырған кетпес» дейді. Осы сөз мегаполистегі марафонға қарата айтылғандай. Игі шара ұдайы ұйымдастырылады. Өз деңгейінде жұрттың бұқаралық спортпен шұғылдануына септігін тигізуде.

Алматы қаласында жүгіруден жарыс өтті. Winter Run 2023 қысқы жарысына қатысушылар қатары көп болды. Негізінен 3 қашықтық белгіленген. Дәлірек айтқанда, 10 км, 7 км скандинавиялық серуендеу және 3 км балалар қашықтығы. Марафон өткен жексенбі де сағат 4.00-де әл-Фараби даңғылында, «Нұрлы Тау» БО жанында өтті. Нақтырақ, әл-Фараби даңғылынан Гагарин даңғылына дейінгі қашықтықты қамтыды. Бұл шараға қатысушылар тыңғылықты дайындалғаны аңғарылады. Кейбірі өзінің



күш-қуатын бағамдап көру мақсатымен қатысқан. Олардың айтуынша, міндетті түрде көптен суырылып, оза шабу міндет емес, қайта ішкі рухты қайрай түсу мақсұт тұтылыпты.

– Жүгірген жақсы. Тынысың ашылып, сергек жүресің. Өзім 10 жылдан бері жүгіріп

келемін. Көбіне таңертеңгі кезде жүгіріп бастағанды жаным сүйеді. Ұйықтап, ерініп, енжарлық таныту деген қасиет жоқ. Шама келгенше аптасына 5 рет жүгіріп тұрамын. Марафон болатынын ести салып қатысуға бел будым. Тәуір нәтиже алда деп ойлаймын, – деді марафоншы Әли Мұса.

Әрбір спортшының жанында жанкүйері болады. Қолдап-қолпаштау адамға қай кезде де серпін берері анық.

– Жасым 65-те. Осы күні жүгірумен жиі айналыса бастадым. Аса бір спортшы болмасам да, бір көріп марқайып қайту үшін келдім. Нақты біреуге жанкүйермін дей алмаймын. Алайда, оза шапқан адамның қуанышын көре білу де жақсы қасиет, – деп түйді Әнәпия Қайырбеков.



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауға қатысты №3, 4 және 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының хабарламасы

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлауға қатысты №3, 4 және 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиялары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 89-бабы 4-3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына төмендегі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Округ №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)
3	Иманбаева Инга Ергайыповна	1973	Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі бюро, журналист, заңгер тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Қаматай Дінмұхамед Ержанұлы	1997	«One Vision It компания», менеджер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Бапи Ермұрат Сейтақзыұлы	1959	«ДАТ» – «Қоғамдық ұстаным» газетінің бас редакторы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Тайтүлеев Толтеғали Мухамеджанович	1960	МКҚК «Алматы мемлекеттік энергетика және технологиялар колледжі», директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Сағадиева Рауан Бахтыбекқызы	1982	ОҚУ «Ерекше балалар ата-анасының одағы» басқармасының құрылтайшысы және басшысы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Ақ жол» партиясы, қазақ
3	Ризабекова Шолпан Бостановна	1959	Зейнеткер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Алмасев Муханкали Турашович	1971	Жеке кәсіпкер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Шатемірқызы Ақмарал	1964	№173 мектеп-лицейі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Баядилов Калель Онгарович	1959	Зейнеткер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Дарменов Бақыткали Жанасович	1968	«Жанас», жеке шаруашылық қожалығы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Меирбекова Дана Ордабековна	1961	Директор ҚК «КОРКЫТ», тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Нагманов Бауыржан Рахимович	1986	Жеке кәсіпкер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Кадирниязов Нуртаза Сатымович	1964	Жұмыссыз, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Амангельды Рустем	1974	Өз-өзін жұмыспен қамтушы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Суттубаева Анара Мухтаровна	1969	Өз-өзін жұмыспен қамтушы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Жұмабай Айболат Нұқабайұлы	1964	Д.А.Қонаев атындағы Евразиялық әділеттік акемиясы ректорының құқық сұрақтары бойынша кеңесшісі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Дауталиев Ғани Сауытбекұлы	1992	Жеке кәсіпкер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Иманғалиева Бибигуль Еркиновна	1971	Жұмыссыз, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Ажахметова Мира Зекеновна	1970	Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы, пульмонолог дәрігер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Елубай Айбек	1983	«Kazagro-pro» ЖШС, CGM-Group ЖШС директорының қызметтері, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Сағимбаев Нурғали Муканович	1969	Кәсіпкер, «STN Plus» ЖШС, директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Абиькасимов Даулет Еркимбекович	1976	Өзін-өзі жұмыспен қамту, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Назарова Арайлым Жалелқызы	1990	«LTS Kazakhstan» ЖШС, директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ

2023 жылғы 21 ақпан.

Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын сайлауға қатысты №4, 5, 6, 7, 10, 12, 13, 14, 16, 17 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының хабарламасы

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Алматы қаласы Мәслихатының депутаттарын сайлауға қатысты №4, 5, 6, 7, 10, 12, 13, 14, 16, 17 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиялары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 104-бабы 6-1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына төмендегі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Округтер №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)
4	Эралиева Акеркин Эгамбергеновна	1978	Кәсіпкерлер Палатасы, басқарушы директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Печенкин Тимур Александрович	1990	«Riza herb» ЖШС, бас директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Ақ жол» ҚДП, қазақ
4	Анохин Юрий Владимирович	1957	«Денсаулық» сараптамалық-консультациялық орталығы ЖШС, дәрігер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, орыс
4	Башинская Анна Романовна	1972	«Фирма ЛЭУ» ЖШС, директорының орынбасары, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Аманат» партиясы, орыс
4	Утешов Азамат Зайнеденович	1979	Утешев ЖК, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Аманат» партиясы, қазақ
4	Жуматаев Болат Аманбаевич	1972	«НАҚ» ҚБ, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Капасов Думан Жандосович	1987	«Капасов Д.Ж.» ЖК, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы, қазақ
5	Кашкеев Мейрам Аймағамбетович	1960	ҚР ІІМ зейнеткері, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Умирбаева Зауреш Абилтожановна	1963	«Алматы қаласының Кәсіподақ орталығы «Аумақтық кәсіподақтар бірлестігі», төраға, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Аманат» партиясы, қазақ
5	Насурллаев Ханзадила Зейнуллаұлы	1993	«Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ, мұғалім, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Ақ жол» ҚДП, қазақ
5	Романовская Светлана Юрьевна	1967	«Ұлттық тұтынушылар лигасы» РҚБ, президент, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, орыс
5	Тынысов Жандос Абдиқашович	1988	«Алмалы ауданының алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығы» ШЖҚ КМК, бас дәрігер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Аманат» партиясы, қазақ
5	Жансерикова Айгуль Жексенбаевна	1966	«Aigul Line» ЖШС, директор; Qazaq-oner Ұлттық қауымдастығы, президент, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Аманат» партиясы, қазақ

4	Токтабаянов Аслан Галымович	1983	«ТК Қараой» ЖШС, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Адам Мұрат Адамұлы	1982	Алматы қалалық адвокаттар алқасы, адвокат, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Кукетаева Мадина Улановна	1978	«Алматы қаласының жеке практикалаушы заң консультанттары орталығы» заң консультанттары палатасы, заңгер-консультант, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Достияров Абзал Омарұлы	1986	Жұмыссыз, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Малиновский Константин Константинович	1964	«Жоғары спорт шеберлігінің мамандандырылған мектебі» МКҚК, жаттықтырушы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, орыс
4	Мукимбекова Райхан Зейнуллаевна	1980	«БКБ Логистик» ЖШС, өңірлік менеджер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Ахметов Адыл Азаматович	1988	Еуразиялық экономикалық комиссия, көлік департаментінің бас маман-сарапшысы, тұрғылықты жері – Астана қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Мәлік Айбар Мәлікұлы	1978	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заңгер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Қожалы Тоғжан Бақытжанқызы	1972	«НАҚ» ҚБ, атқарушы директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Шаймарданова Назигуль Жасулановна	1983	Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, жетекші ғылыми қызметкер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Respublica» партиясы, қазақ
4	Мырзакулов Мухан Мухамежанович	1962	Алматы қаласы Ауғанстан ардагерлер одағының үйлестіру орталығы, төрағаның орынбасары, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Отарбаев Шаймурат Шаукетович	1958	Зейнеткер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Мусабаева Асем Муратовна	1975	«№9 қалалық емхана» ШЖҚ КМК, бас дәрігер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Аманат» партиясы, қазақ
4	Оразалы Қанатбек Қасымалыұлы	1971	Оразалиев ЖК, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Амиргалиева Салтанат Нұрадиловна	1959	«Логистика және көлік академиясы» АҚ, президент-ректор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Аманат» партиясы, қазақ
4	Габдуллин Маратбек Түлебергенович	1980	«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ, ректор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Шакирова Тамара Мухтархановна	1949	Жетісу ардагерлер кеңесі, төраға, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Аманат» партиясы, қазақ
4	Шардинов Ахметжан Бакирович	1947	«АЗМК групп», директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Аманат» партиясы, ұйғур
5	Сартаев Олжас	1981	«Технопарк Алатау» ЖШС бас директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Смагулов Назымбек Ерсанович	1985	Evooil Kazakhstan, коммерциялық директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Каримова Алиям Джамаловна	1963	Зейнеткер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, ұйғыр
5	Конеев Кайргали Исагулович	1975	«Доктор Конеев» жеке кәсіпкер, балалар дәрігері-невролог, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Хасенов Махамбет Кабдулканович	1975	«Нефтебаза Альмерек» ЖШС бас атқарушы директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партия – «Республика», қазақ
5	Хикметов Асқар Қусупбекович	1979	Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің ректоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партия – «Аманат», қазақ
5	Дупик Андрей Александрович	1984	КММ «Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми әдістемелік орталығы» директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партия – «Аманат», орыс
5	Бегентаев Мейрам Мухаметрахимович	1974	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, ректор, басқарма төрағасы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партия – «Аманат», қазақ
5	Қуандық Есенғазы Сләмғазыұлы	1952	Зейнеткер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Турдалиев Канат Абаевич	1970	Жұмыссыз, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Тойболдиева Кульмариям Молдабаевна	1963	АҚ «Қалалық клиникалық аурухана» әлеуметтік қызметкері, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
